

Бекртемін:  
№ 29 «Ай-Керім» бөбекжай-  
балқашының меңгерушісі  
*А. К. Сейдалиева* К.К. Сейдалиева

**Міне, келді Алтын күз!**



**Тәрбиешілер: Бегалиева.А  
Манашева.А**

**Шымкент 2022ж**

Арайлы, Алтын күз!

*Балалар ауен ырғағымен сүйене залға кіреді.*

*(балалар «Жапырақ» биін билейді)*

Жүргізуші:

Күз халқымыздың ежелден берекесі  
Жердегой адам заттың несібесі  
Тойлаймыз бізде бүгін күз мейрамын  
Алтын күз құтты болсын мерекесі

Жүргізуші: Армысыздар, құрметті қонақтар, ата-аналар,  
баршаңызды күз мерекесімен шын жүректен  
құттықтаймыз. Құттықтай отырып, бүгінгі «Шұғыла»  
ортаңғы тобының «Арайлы Алтын күз» атты ертеңгіліне  
қош келдіңіздер.

Ендеше Ән шырқайық күзге енді.

Ән: «Қап КАП»

Ортаға 3 бала шығады:

Нурдаулет:

Балдырғандар бүгінгі

Еркелгігін тастайды

Күз туралы сіздерге

Тақпақтарын бастайды

Райымбек :

Күздің қазан айына

Алма, алмұрт піседі

Жапырақтар сарғайып

Сыбдыр –сыбдыр түседі

Дінмұхамеді:

Қаиба толды ыстыққа  
Алғыс саған алтын күз  
Бір уыс дән шаштықта  
Қап қап қауып алдық біз

Алишүр:

Жапырақтар ұшты  
Суық та түеті.  
Сонда да бізге,  
Қызық көп күзде.

Келеді көшіп комбайн,  
Алтын дария егінді.  
Жинап маржан бидайын,  
Күзіміз неткен көңілді.

Жетті желмен алтын күз,  
Жеміс жинау салтымыз.  
Жиып - теріп болған соң,  
Той жасайды халқымыз.

Күз келді алақай  
Алтын келді далаға  
Дәні бітік бидайды  
Құйып жатыр қамбаға

Күзім,күзім,күзім,  
Пісті алма,жүзім.  
Тұрғанда бәрін күз беріп,  
Кел алайық біз теріп.

Музыка әуенімен Том Джерриді қуалап кіреді .

Жүргізуші: Токтандар! Мұнда не болып жатыр?

Том : Джерри менің балаларға алып келе жатқан жапырақтарымды алып қойды!

Жүргізуші: Біз Алтын күз мерекесін тойлап жатырмыз, сендер біздің мерекемізге Келіндер бәріміз мерекені бірге тойлайық.

Сендер біздің бүлдіршіндерге ойын әкелген сияқтысыңдар!

Джерри: Әрине ойынын алып келдік!

Жүргізуші: Туған табиғаттың тамаша бір көрінісі күз мезгілі. Айнала сұлуланып, түрлі түстерге боялып, құлпыра түседі. Ағаштардың және басқа өсімдіктердің жапырақтары қызыл, қоңыр, сары болып өзгереді. Олай болса құрметті қонақтар кішкентай балапандар күз мезгілінің ерекшеліктері туралы не айтар екен:

Берекесін сыйлауға

Данияр

Өлкемізге күз келді

Жемістерін жинауға

Шақырады біздерді

Алақай алақай

Томирис

Шаттанды балақай

Күз түсті дәм пісті

Айтамыз алғысты

Алтын, сары, қызыл, көк, Елнұр

Алуан – алуан жанырақ.

Күзгі бақта күлімден,

Көз тартады атырап.

Келді міне күз

Айсенім

Айнала сары түс

Керемет тамаша

Қандай әсем күз

Күз мезгілі тамаша

Көз тоймайды караса

Аяқ асты сап сары

Төселгендей алаша

Амалия

Көрініп еліме

Күз дейтін мереке

Келді гой жеріме

Күз дейтін мереке

Інжу

Сап сары маңай

Сап сары тоғай

Соңғы әнін айтып

Құс кетті қайтып Айару

Жүргізуші:

Алқаптағы бидайды,

Қоймаға ел жинайды.

Тырнасы тізілген,

Ұнатамын күзді мен!-дегендей бәріміз күз мезгілін жақсы көреміз.Ендеше қошеметпен қол соғып «Күз ханшайымын» ортамызға шақырайық.

Музыка әуенімен Күз ханшайымы келеді.

Алтын түске боялды,

Тау мен қарман дала түз.

Келдім міне ортаға,

Менің ағым Алтын күз.

Балалар мен сендерге мерекеге өзімнің жемістеріммен көкөністерімді ала келдім, қане бәріміз бірге ойын ойнайық.

**Күз ханшайымы:** -Өте тамаша, балалар! Қазір менімен ойын ойнайсындар ма? Бұл ойын «Қай жеміс?» деп аталады. Көздерінді жұмып, жемісті жеп, қай жеміс екенін айтасындар. (Бір ыдыста туралған әр түрлі жемістер)

**Жүргізуші:** Күз ханшайымы мына ойыныңыз керемет екен, бізге ұнады, енді сізге біздің кішкентай балапандарымыздың күзгі жапырақтар биін тамашалаңыз!

**Би : «Маргаулар биі»**

**Жүргізуші:** Ән салындар күліндер

Жайнап гүлдей жүріндер

Күздің тойын тойлайық

Би, билейік ойнайық, бүлдіршіндеріміздің орындауында топ топ балақан әнін қабыл алыңыздар.

**Ән: «Алтын күз»**

Жемісі мол теретін

Күз дос екен бізбенен

Бәрін тауып беретін

Жомарт екен күз деген

Сап- сары маңай

Сап –сары тоғай

Соңғы әнін айтып

Күс кетті қайтып

Жүргізуші: Балалар жаңбыр жауғанда не ұстаймыз ? Қанекей кім біледі

**Би : Әңгелек би**

**Күз ханшайымы:** Балалар менінде қайтатын уақытым болған сияқты сендермен уақытымды өте тамаша өткіздім, рахмет сендерге өте өнерлі екенсіңдер сау болыңдар!

**Жүргізуші:**

Жапқандай жапырағымен іздерді,

Қуантып байлығымен біздерді.

Міне бүгін мерекені аяқтадық,

Қоштасамыз есен аман саулық тілеп,

Құрметпенен шығарып сап сіздерді!

Осымен біздің «Алтын күзім арайлым» атты ертеңгіліміз аяқталды, көріп тамашалағандарыңызға рахмет! Сау болыңыздар!

